

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев
А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,
Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economy responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

Капиталды жөндеу – бұл негізгі қорлардың негізгі жөндеуін жүргізеді. Кәсіпорынды жөндеуде машина толық бөлшектенеді, тозған барлық тораптар мен бөлшектер ауыстырылады. Капиталды жөндеуден кейін машинаның техникалық параметрлері бастапқыға жақындау керек.

Әдебиеттер

1. Финансовый менеджмент: Учебник / Под ред. Е.И. Шохина — М.: Кнорус, 2010.
2. А.Қ.Тұрғұлова, Р.Ә.Әмірқанов, Қаржылық менеджменттің Қазақстан экономикасындағы дамуы: теориясы, практикасы және императивтері. Алматы: 2010.
3. Жуйриков К.К. Корпоративные финансы: Учебник/ К.К. Жуйриков, С.Р. Раимов. - Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2004.
4. Ковалев В.В Основы теории финансового менеджмента. – М. : Проспект, 2007.
5. Ковалев, В.В. Финансовый анализ: методы и процедуры / В.В.Ковалев. - М.: Финансы и статистика, 2013.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.

Советбекова Л.С

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 2-курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: sovetbekovalaura@gmail.com
Ғылыми жетекші – *Жахметова А.К.*

Аннотация. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қолданатын тәуекелдерді басқару жүйесі туралы Қазақстан Республикасындағы қолданылу аясы туралы қысқаша шолу. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 18-бабы, 1-тармағына сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі Есеп комитеті қаулысына негізделі отырып, мемлекеттік аудит органдарының Қазақстандағы тәуекелдерді басқару жүйесі.

Түйін сөздер: Мемлекеттік аудит, тәуекелдерді басқару жүйесі. Мемлекеттік аудит органдары, тәуекелдер, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді бағалау жүйесінің түрлері, тәуекелдер бейіні, тәуекелдерді талдау, тәуекелдерді айқындау нәтижесі.

Аннотация. Краткий обзор о применении органами государственного аудита и финансового контроля системы управления рисками в Республике Казахстан. В соответствии с пунктом 1 статьи 18 Закона Республики Казахстан

от 12 ноября 2015 года» О государственном аудите и финансовом контроле", на основании постановления Счетного комитета по исполнению республиканского бюджета, система управления рисками органов государственного аудита в Казахстане.

Ключевые слова: Экономика, Казахстан и Россия, экономика Органы государственного аудита, риски, оценка рисков, виды системы оценки рисков, профиль рисков, анализ рисков, результат определения рисков.

Annotation: Summary of the application of the risk management system in the Republic of Kazakhstan by the state audit and financial control bodies. In accordance with paragraph 1 of article 18 of the Law of the Republic of Kazakhstan of 12 November 2015 "On State Audit and Financial Control," based on the resolution of the Accounting Committee for the Execution of the Republican Budget, the system of risk management of State audit bodies in Kazakhstan.

Keywords: Economics, Kazakhstan and Russia, economics Public audit bodies, risks, risk assessment, types of risk assessment system, risk profile, risk analysis, risk determination result.

Мемлекеттік аудит - бюджет қаражаты, мемлекет, мемлекеттік аудит активтеріне байланысты гранттарды, жеңілдіктерді, мемлекеттік және мемлекет кепіл берген қарыздары және мемлекеттік кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігін анализдік талдау, бағалау және қадағалау мен тесеру. Мемлекеттік аудит органдарының тәуекелдерді басқару жүйесі. Жалпы тәуекел ұғымына, оның қызметтеріне тоқталып өтсек:

Тәуекел - Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларын сақтамаудан, мемлекеттік аудит объектісіне іс-әрекеттердің және оқиғаның тигізетін кері салдарының тиімділігі, қаржылық бұзушылықтарға, бюджеттік қаражаттардың ұрлануына сонымен қатар ысырап болуына әкеліп, мемлекетке экономикалық зардап шегуіне әкеліп соғатын, оған қоса бағдарламалық құжаттарда, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында қарастырылған нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеудің, толық көлемде орындамаудың ықтималдығы болып табылады. Оның бағалау тәсілдері мен қызметтеріне қысқаша шолу жүргізіп кетсек.

Тәуекелдерді бағалау – бұл теріс оқиғаның және салдарлардың тигізетін ықпалының туындау себептерінің ықтималдығының сапалық және сандық тәсілдері негізіндегі анықтамаларды қамтиды.

Тәуекелдерді бағалаудың сандық тәсілдері - модельдеуді және материалдар мен деректерді талдаудың статистикалық және математикалық құралдарына, техникаларға негізделген әдісі.

Тәуекелді бағалаудың сапалық әдісі - анализдік талдамалық, сараптамалық бағалауға негізделген әдіс.

Тәуекелдерді басқару жүйесі-есептер мен басқа да мәліметтер, деректер негізінде тәуекелдер мен факторларды анықтау, сәйкестендіру, бағалау және

талдауға, пысықтау мен зер салу шараларын қабылдауға, қабылданған шаралар нәтижелерінің тиімділігін мониторингілеуге бағытталған, бақылау іс-шараларын тиімді жоспарлауды, жүргізуді қамтамасыз ететін, ресурстардың таңдап, оларды қадағалау қызметінің ең басты бағыттарына тиімді жоспарлауды және жүргізуді қамтамасыз ететін, ресурстарды таңдап, оларға бақылау қызметінің ең маңызды бағыттарына тиімді бөлу принциптеріне негізделген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін процесс болып табылады.

Сонымен қатар, тәуекелдер бейіні - мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдаумен анықталған және белгілі бір бұзушылықтарды анықтау мақсатында әзірленген деректерді таңдау жағдайларының бір тұтастығы.

Тәуекелдерді талдау жүйесі - мемлекеттік аудит объектісінің кез-келген саласына тәуекелдердің тигізетін ең көп әсерін анықтау үшін жүргізілетін іс-шара.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бірнеше сатыдан тұрады:

1. ақпарат жинау;
2. тәуекелдерді сәйкестендіру;
3. тәуекелдерді бағалау;
4. зер салу шаралары;
5. тәуекелдер мониторингі.

Тәуекелдерді бағалау сапалық және сандық негізде олардың ықтималдығы және ықпалына сүйене отырып есептеледі. Оларға бағалау жүргізу үшін тәуекелдер мен өлшемдерінің деңгейі бағалаудың басқа көрсеткіштері пайдаланылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі бойынша тәуекелдердің жіктелуі оларды айқындау нәтижесі бойынша мемлекеттік аудит тәуекелдер мен объектілер бойынша 3 топқа бөлінеді:

1. жоғары;
2. орта;
3. төмен.

Мемлекеттік аудит объектілері мен мәндері бойынша анықталған тәсіліне сәйкесінше тәуекел бағалау өткізіледі. Нәтижесінде мемлекеттік аудиттің артықшылықтары, тәуекел топтары және зер салу бөлінісінде тәуекелдерді бағалау бойынша қорытынды шығыс нысандары рәсімделеді.

Ең маңызды мәселелердің бірі болып-тәуекелдерді басқару жүйесінің шарттары саналады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің шарттары 7 қағидадан тұрады:

1. Анықтылық қағидасы - ақпарат пен есептілік деректердің анықтығын, дәлдігін қамтамасыз ету.
2. Бірыңғайлық қағидасы - мемлекеттік аудит органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру, жұмыс істеу кезеңінде бірыңғай қағидалар мен тәсілдерді пайдалануы, мемлекеттік аудит объектілері мен нысандары бойынша тәуекелдердердің дәрежесін сәйкестендіру үшін көрсеткіштер мен өлшемдерді

қолдану.

3. Жариялылық қағидасы - бюджеттің атқарылуына байланысты мемлекеттік аудит объектілерін ынталандыру есебінен, мемлекеттік құпия туралы заңнама талаптарының қамтамасыз етілуін ескеріп, мемлекеттік аудит объектілерінің нысандары бөлінісінде тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелерін жариялау.

Жоғарыда аталып өткен мемлекеттік аудит органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің еліміздегі бағыттарына көз жүгіртіп өтсек, қазіргі таңда елімізде мемлекеттік аудиттің органдарында тәуекелдерді басқаруға байланысты бірнеше жұмыстар атқарылуда. Себебі, дәл қазіргі нарықтық экономикалық заманда, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит объектілері жобасын қалыптастыру аса назар аударатын жайт болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін есепке алмағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілілерінің қаржылық есептілігіне және де мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінде тәуекелдерді басқару жүйесіне жыл сайын есеп жүргізіледі. Аудиттің әділетті жүргізілуі үшін камералдық бақылау шаралары қатаң түрде іске асырылуда. Атап айтқанда: Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптастыру орташа тәуекел деңгейлерімен қатар жоғары деңгей тәуекелдері бар мемлекеттік аудиттің объектілері және системасының мәні тәуекелдерін бағалау негізінде сараптау шаралары жүзеге асырылады. Мемлекеттік аудит объектілері мен қасиеттерін бағалау – тәуекелдердің әрқайсысының критерийі бойынша маңыздылығын бағалауға негізделген жиынтығының есептелген, қорытынды баллдар арқылы мен тәуекелдердің деңгейін анықтау, талдау. Олардың, яғни тәуекелдердің критерийлерін интервалдарға бөлу арқылы әрбір интервалға балл беру, оған қоса ішкі мемлекеттік аудит органдарымен жүктелген функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес, 2 қосымша базалық критерийлер негізінде тәуекелдердің жаңа критерийлерін әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, Ішкі мемлекеттік аудит органдарымен мемлекеттік аудиттің объектілері мен мәнінің қосымша тәуекелдер критерийлері әзірленуіне дайындық шаралары өткізілуде.

Мемлекеттік аудит объектілері мен мәндері бойынша айқындалған критерийлер өз кезегінде тәуекелдік бағалау жүргізеді. Мемлекеттік аудиттің мәні мен объектілері, өлшемдері, артықшылықтары және тәуекел топтарына зер салу бөлінісіне бағалау нәтижесі бойынша шығыс нысандары рәсімделеді.

Ішкі мемлекеттік аудит органдарымен тиісті талдау жасау арқылы қолданыстағы зер салу шараларының тиімділігін арттыру бойынша белгілі бір мерзімдер арасында әр түрлі тиісті шаралар өткізіледі.

Тәуекелдерге зер салу шаралары бірнеше сатылардан тұрады:

Ең алдымен, алдын-ала зер салу шаралары ұйымдастырылады, оның өзі бірнеше процесстерден тұрады. Олар:

- Мемлекеттік аудит объектісінен тәуекелдердің туындау себептері жайлы ақпарат алу;

-Тәуекелдердің алдын-алу және барынша қысқарту – орта тәуекелдер дәрежесі бар мемлекеттік аудит объектісіне жоғары дәрежелі тәуекелдерге апаратын

шарттардың туындауы туралы хабарламалар, ескертулер және оларға жол бермеу бойынша ұсыныстар беруден тұратын іс-шаралар;
-Жоғарғы дәрежедегі тәуекелдерге әкелетін шарттар сақталатын жағдайда мемлекеттік аудит объектілері бойынша аудиторлық іс-шараларын өткізу мәселесін қарастыру.

Келесі кезекте-нұсқамалық зер салу шаралары – жоғары дәрежелі тәуекелдерді және орта дәрежелі тәуекелдері бар мемлекеттік аудит объектілері бойынша (ішкі мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит өткізу туралы шешімі болған жағдайда) мемлекеттік аудит өткізу арқылы тәуекелдерді жою.


Соңынан, тәуекелдер деңгейі төмен мемлекеттік аудит объектісі бойынша ішкі мемлекеттік аудит органдары тәуекелдер дәрежесінің артуын мерзімді анықтау мақсатында және тиісті шаралар қабылдау үшін тәуекелдердің мониторингін жүргізу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына мемлекет акционері болып табылатын ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық фирмалардың даму саясатының стратегиясы мен даму жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларын дайындайды және қабылдайды. Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбегін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізуде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін жасайды және негіздейді. Тексеру комиссиялары туралы үлгілік ережені қарастырады және бекітеді.

Есеп комитеті ережені әзірлегеннен кейін, оған Қазақстан Республикасының Президенті қол қояды. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының системасына кіретін ішкі аудит саласының тәуекелдері басқару жүйесін қалыптастырады. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары, мемлекеттік аудит объектілері арқылы ақпарат алмасу, сонымен қатар, электрондық мемлекеттік аудит жүргізу мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың бірыңғай ақпараттары мен деректемелерін дамытуға, жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудиттің бірыңғай дереккөздерін қалыптастыру мен жүргізуді және ақпараттарды пайдалану қағидаларын қорытындылайды.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар қарастырылып Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің әзірленуі мен келісім шаралары жүргізуде. Еліміздегі қаржылық құқық бұзушылықтарды қысқарту үшін тәуекелдерді басқару жүйесі мен камералдық бақылау шараларына қатаң түрде бақылау жасалып, атқарылатын жұмыстардың кәсіби күзiреттiлiкке сай iске асырылуын қадағалау маңыздылығы жоғары болып саналатын қызметтер тізіміне жатады.

Келесі кезекте, аудиторлық қызметтердің статистикалық мәліметтеріне тоқталып кетсек. Есеп комитетінің 2016 және 2019 жылдардағы аудиторлық іс-шараларының түйінді көрсеткіштері төмендегі 2 суреттен байқауға болады.



1-сурет ҚР Есеп комитетінің 2016 жылғы аудит жүргізілу барысындағы есептіліктің түйінді көрсеткіштері

Бұл көрсеткіштерден байқағанымыздай елімізде әлі де қаржылық бұрмалаушылық белең алуда. Осы диаграммаларда – қаражаттардың арасынан көптеген ауытқуларды көруге болады.

2-сурет Аудиторлық шаралардың түйінді көрсеткіштері.



Қорытындылай келе, нарықтық экономикалық жағдайда мемлекеттік

аудит пен қаржылық бақылау салаларында тәуекелдерді басқару жүйесінде көптеген нормативтік-құқықтық актілермен заңдар қабылданып, құрамына бірнеше рет өзгерістер енгізілген. Соған қарамастан қазіргі уақытта, заңсыздықтардың алдын-алу үшін мемлекеттік аудит органдарында тәуекелдерді басқару жүйесіне мемлекет аса назар аударуда. Мемлекеттік аудит органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесі көптеген құқық бұзушылықтар мен заңсыз әрекеттердің белең алуын азайтуға көптеген септігін тигізуде. Тәуекелдерді басқару жүйесі – сыбайлас-жемқорлыққа қарсы бірден бір басты құралдың біріне айналып, елімізде болып жатқан көптеген қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын-алады деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 14-бабы 10)-
2. Есеп комитетінің 2019 жылғы I тоқсандағы аудиторлық іс-шараларының түйінді көрсеткіштері
3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ
4. Абленов Д.О. Аудит: теория и практика: учебник. -Алматы: Экономика, 2005

УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ АНАЛИЗ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ И ЕГО ВЗАИМОСВЯЗЬ С ФИНАНСОВЫМ АНАЛИЗОМ

Сулейманова Д.Я.

Студентка 4 курса, направление подготовки «Экономика»
профиль «Бухгалтерский учёт, анализ и аудит»
ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет имени Февзи
Якубова»
dzhever_suleymanova@mail.ru
Научный руководитель: к.э.н., доц. *Мандражи З.Р.*

Аннотация: В данной статье освещается роль управленческого анализа в управлении хозяйственной деятельностью организации и раскрывается его взаимосвязь с финансовым анализом. В статье представлены основные особенности управленческого и финансового анализа, определены ключевые показатели управленческого учета, используемые для целей анализа и управления хозяйственной деятельностью

Ключевые слова: финансовый анализ, управленческий анализ, финансовая устойчивость, ликвидность, платежеспособность.

Annotation : This article highlights the role of management analysis in the management of economic activities of an organization and reveals its relationship with financial analysis. The article presents the main features of management and